

**Электронды бұқаралық ақпарат құралдарында  
аз ұлттардың тілдерін қолдануға арналған  
нұсқаулар**

Қазан 2003 жыл

**Электронды бұқаралық ақпарат құралдарында  
аз ұлттардың тілдерін қолдануға арналған  
нұсқаулар**

Қазан 2003 жыл

Осы кітапшадан кез-келген мәліметті көшіруге болады, бірақ деректерге сілтеме жасаған жөн.

ISBN 10: 90-7598908-3

ISBN 13: 978-90-75989-08-3

Толығырақ мәлімет алу үшін

Аз ұлттар ісі жөніндегі жоғарғы уәкілдің басқармасына хабарласыңыз:

Prinsessegracht 22

2514 AP The Hague

Тел: +31 (0)70 312 5500

Факс: +31 (0)70 363 5910

Эл. пошта: [hcnm@hcnm.org](mailto:hcnm@hcnm.org)

Веб-сайт: [www.osce.org/hcnm/](http://www.osce.org/hcnm/)



## КІРІСПЕ

Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) өзінің 1992 жылдың шілде айында қабылдаған Хельсинки шешімдерінде Аз Ұлттар (яғни саны жағынан белгілі бір мемлекеттегі халықтың аз бөлігін құрайтын ұлттар) Ісі Жөніндегі Жоғарғы Уәкілдің (АҰЖУ) атқаратын міндетін “қақтығыстардың мүмкіндігінше ерте алдын алу” деп белгіледі. Оған мұндай тапсырма жүктеу негізінен бұрынғы Югославиядағы жағдайға байланысты болды; кейбіреулер осы елдегі жағдай Еуропаның басқа да жерлерінде, әсіресе демократиялық қоғамға өту кезеңіндегі елдерде орын алуы мүмкін деп және 1990 жылдың қараша айында үкімет және елбасылары қол қойған Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясында көрсетілген бейбітшілік пен көркеюге бағытталған шараларды ілгерілету ісіне кедергі келтіреді деп үрейленді.

Тұңғыш Жоғарғы уәкіл Макс ван дер Стол мырза өз міндеттеріне 1993 жылдың 1-қаңтарында кірісті. Ван дер Стол мырза Парламент мүшесі, Нидерланды сыртқы істер министрі, Біріккен Ұлттар Ұйымындағы тұрақты өкіл, сондай-ақ ұзақ жылдар бойы адам құқығын қорғаушы болып қызмет атқарғанда жинаған мол тәжірибесін қолдана отырып, назарын Еуропадағы саны жағынан азшылықты құрайтын ұлттар мен мемлекеттік билік арасындағы оның пікірінше өршіп кетуі мүмкін көптеген даулы мәселелерге аударды. 2001 жылдың 1-шілдесінде Ван дер Стол мырзаның орнына швециялық мәмлегер, елші Ролф Экьюс келді. Экьюс мырза пост-коммунистік өтпелі кезеңде Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық жөніндегі Конференцияда белсенділік көрсеткен-ді. Ол қарусыздану мен қарулануды бақылау саласындағы қызметінің арқасында танымал тұлғаға айналды, оған мысал ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Ирак мәселесімен айналысатын Арнайы комиссиясының атқарушы төрағасы болып 1991-1997 жж. аралығында қару-жарақты тексеретін инспекторлардың жұмысын басқарғанын айтуға болады. Дипломатиялық тәсілдерді қолданып, сабырлы жұмыс істей жүріп, АҰЖУ өткен жылдар ішінде оннан астам елде жұмыс істеді, олардың ішінде Албания, Хорватия, Эстония, Греция, Венгрия, Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, бұрынғы Югославия құрамында болған Македония Республикасы, Молдова, Румыния, Сербия мен Черногория, Словакия және Украина бар. Аталмыш елдерде мына жағдай басты назарда болды: белгілі бір елде саны жағынан басым ұлт өкілдері екінші бір елдегі (көбінесе көршілес елдерде) саны жағынан халықтың аз бөлігін құраса, мемлекеттердің бір-бірінде өз мүдделері болып, мемлекетаралық шиеленіс, тіпті қақтығыс тууы әбден ықтимал. Расында, Еуропа тарихында осындай күрделі жағдайлар көп болғаны белгілі.

Аз ұлттардың төңірегінде туындайтын шиеленісті мәселелерді шешуде АҰЖУ тәуелсіз, бейтарап және ынтымақтастықта жұмыс істейтін ұйым болып табылады. АҰЖУ бақылаушы орган болмағандықтан, әр ел негізгі талдау принциптері мен арнайы ұсыныстарының тірегі ретінде қабылдаған халықаралық нормаларды қолданады. Осы орайда, ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттердің алған міндеттемелерін еске түсіргеніміз жөн, атап айтқанда Адам өлшемі жөніндегі конференцияның 1990 жылы қабылдаған Копенгаген құжатының IV бөлімінде аз ұлттарға қатысты нормалар егжей-тегжейлі сипатталады. ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттердің барлығы БҰҰ-ның адам құқықтарын, соның ішінде аз ұлттар құқықтарына байланысты нормаларды да сақтауға міндетті және олардың басым бөлігі Еуропа Кеңесінің талаптарына бағынышты екені тағы бар.

Он жылдан астам уақыт бойы атқарған қызу жұмыстарының нәтижесінде АҰЖУ бірқатар мемлекеттерде оқтын-оқтын оралып отыратын бірнеше мәселелерді айқындады. Солардың қатарына аз ұлттардың білім алуы мен олардың тілдерінің қолданылуы жатады. Олар аз ұлт өкілдерінің өз ұлттық ерекшелігін сақтап және оны дамыту үшін аса қажетті нәрселер болып саналады. АҰЖУ-дің жұмысы барысында бірнеше рет туындаған үшінші мәселе – аз ұлттардың мемлекет басқару ісіне араласуының тиімді жолдары. ЕҚЫҰ шеңберінде аз ұлттардың құқықтарының тиісті дәрежеде әрі дәйекті қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында АҰЖУ 1993 жылы құрылған мемлекеттік емес ұйым боп табылатын Ұлтаралық Қатынастар Ұйымынан (қазір жұмыс істемейді) өз жұмысына демеу болатын арнайы шаралар жүргізуді, яғни халықаралық деңгейде танымал тәуелсіз сарапшылардың үш тобының басын қосып, ұсыныстардың үш топтамасын: **Аз ұлттардың білім алу құқықтары туралы Гаага ұсыныстары (1996); Аз ұлттардың тіл құқықтары туралы Осло ұсыныстары (1998) және Аз ұлттардың қоғамдық өмірге араласуы туралы Лунд ұсыныстарын (1999)** жасауды өтінді. Аталған ұсыныстар кейін бірқатар мемлекеттерде саясат және заң шығару ісінде кәдеге жарады. Бұл ұсыныстарды (бірнеше тілде) АҰЖУ-дің кеңсесінен тегін алуға болады, ал электрондық нұсқасын [www.osce.org/hcnm/documents/recommendations](http://www.osce.org/hcnm/documents/recommendations) сайтынан алуға болады.

АҰЖУ-дің назарын аударған тағы бір мәселе – аз ұлттар тіл(дер)інің байланыс құралы ретінде электронды бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылуы. Бірқатар мемлекеттер тарапынан осындай тілдерді қолдануды шектеуге әрекеттер жасалған. Бұл әрекеттер негізінде белгілі бір тілді (әдетте “ресми” немесе “мемлекеттік” тіл деп белгіленген және көпшілікті құрайтын ұлттың тілін) электронды БАҚ-нда пайдалануға квота енгізетін заңдар шығару арқылы

---

жүзеге асырылады. Осындай үрдіс бірқатар мемлекеттердегі аз ұлттар арасында жағымсыз реакция туғызды.

ЕҚЫҰ Адам өлшемінің 2001 жылы наурыз айында өткен Ой-пікір білдіру бостандығына арналған қосымша кездесуінде бірқатар ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер бұқаралық ақпарат құралдары мен аз ұлттар төңірегіндегі мәселелерге өздерін аса мүдделілігін танытты. Сол айдың аяғына таман Тұрақты Кеңес отырысында кейбір делегациялар АҰЖУ мен ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандығы мәселелерімен айналысатын өкілдеріне осы мәселе жөнінде бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істеуді ұсынды.

Аталмыш мәселелердің шешімін іздеу барысында АҰЖУ тілді электронды БАҚ-нда байланыс құралы ретінде қолдану туралы қатарлас жүретін әрі бірін-бірі толықтыратын екі шара атқаруды жөн көрді. Біріншісі ЕҚЫҰ аймағындағы әр елде электронды БАҚ-нда аз ұлттар тілдерінің қолданылуын реттейтін шаралар (яғни заң шығару, негізгі заң нормалары мен маңызды сот практикасы) туралы шолу жүргізу болды. Бұл шолуды Жоғарғы уәкілдің өтінішімен Оксфорд университеті Улфсон колледжі жанындағы Әлеумет және заң мәселелерін зерттейтін орталықтың Салыстырмалы ақпарат құралдары заңы және саясаты бағдарламасы мен Амстердам университеті жанындағы Ақпарат саласындағы заң институтының қызметкерлері жүргізді. Бұл жұмыстың нәтижесімен мына сайтқа <http://www.ivr.nl/staff/mcgonagle.html> кіріп, танысуға болады. Өз алдына бөлек, бірақ осымен тығыз байланысты екінші шараны жүзеге асырғанда АҰЖУ (БАҚ бостандығы ісімен айналысатын ЕҚЫҰ өкілімен қоян-қолтық жұмыс істей отырып) тікелей жауапты халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып, тиісті халықаралық заңдардың (және белгілі бір іске байланысты заңдардың) жеке бір мәселеге қатысты нормаларының мазмұнына талдау жасады. Тиісті халықаралық ұйымдардың өкілдері боп табылатын білікті мамандар, тәуелсіз сарапшылар мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен өткен алғашқы кездесу АҰЖУ-дің ұйымдастыруымен 2002 жылдың наурыз айында өтті. Сарапшылардың одан кейінгі басқосуы 2003 жылдың маусым айында болды. Бұл кездесу барысында тапсырылған құжат негізінде жазылған Аз ұлттар тілдерін электронды БАҚ-нда қолдану туралы нұсқаулардың алғашқы нұсқасы талқыланды. Осы жұмыстың негізінде тәуелсіз сарапшылар 2003 жылдың күзінде берілген нұсқауларды мақұлдады.

Тәуелсіз сарапшылар:

Джулия Апостл ханым (канадалық), заңгер, 19-бап, Біріккен Корольдік; доктор Елена Чернявска (украиналық), Орталық және Шығыс Еуропа (ОШЕ) жобаларын басқарушы, Баспасөз демократиясы бағдарламасы (БДБ), Еуропалық баспасөз институты, Германия; Мария Амор Мартин Естебанез ханым (испаниялық), зерттеуші және кеңесші, Оксфорд Университеті жанындағы Әлеуметтік және заң мәселелерін зерттеу орталығы, Біріккен Корольдік; профессор Карол Якубович (польшалық), сарапшы, Польша Ұлттық телерадио хабарларын тарату кеңесі; Марк Латтимер мырза (ұлыбританиялық), директор, Халықаралық аз ұлттар құқықтарын қорғау тобы, Біріккен Корольдік; Тарлак МакГонагл (ирландиялық), зерттеуші/редактор, Ақпарат тарату заңы институты (IViR), Амстердам университеті, Нидерланды; профессор Том Моринг (финляндиялық), Швеция Әлеуметтану мектебі, Хельсинки университеті, Финляндия; профессор Монро Прайс (американдық), Нью-Йорк қаласындағы Кардозо заң мектебі және Салыстырмалы ақпарат құралдары заңы және саясаты бағдарламасының директорларының бірі, Оксфорд университеті жанындағы Әлеуметтік және заң мәселелерін зерттеу орталығы, Біріккен Корольдік.

Осы екі кездесу мен одан кейінгі байланыс барысында құнды пікірлер мен ұсыныстар Еуропа Кеңесінің Хатшылығынан, Еуропа Комиссиясының Заң қызметі, Балтық теңізі жағалауындағы мемлекеттері комиссариатының Демократиялық даму жөніндегі кеңесінен және ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандығы жөніндегі өкілінен келіп түсті.

Аз ұлттар құқықтарын қорғауда қолданылып жүрген нормалар жалпы адам құқықтарының бөлігі болып табылатындықтан, сарапшылар адам құқығын қорғауға қатысты барлық міндеттемелермен, соның ішінде кемсітуді болдырмау міндеттемелерімен мемлекеттер келіседі деп есептеді. Сондай-ақ, жеке тұлғаның басқалармен тең жағдайда өзін-өзі еркін және толықтай дамыта алуы – барлық адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету ісіндегі түпкі мақсат деп танылды. Демек, азаматтық қоғам ашық әрі өзгермелі орта болып, барлық адамдарды, соның ішінде аз ұлттарды да біріктіруге қабілетті болуы керек деп белгіленді. Оның үстіне, демократиялық әрі әділ басқарудағы мақсат барша халықтың мүдделерін қорғау болғандықтан, барлық үкімет орындарының өз құзыреті аясында барлық адамдарға, соның ішінде аз ұлттар өкілдеріне де өз тілдеріндегі БАҚ-ына қол жеткізуге, мәлімет алуға және таратуға мол мүмкіндік туғызуы керек деп есептелді. Бұл басқа да

мәселелермен бірге плюрализм, төзімділік, кеңінен ойлаушылық сияқты қағидалардан және ашық, демократиялық әрі тәуелсіз қоғамның негізін құрайтын тәуелсіз, плюралистік БАҚ-ның қоғамда алатын ерекше рөлінен туындайды.<sup>1</sup>

Гаага, Осло және Лунд ұсыныстары секілді берілген нұсқауларды шығарудағы басты мақсат – мемлекеттерді аз ұлттар мәселесі төңірегіндегі шиеленістерді шешуге бағытталған арнайы шаралар қабылдауға ынталандыру, көмектесу және сол арқылы АҰЖУ-дің түпкі мақсаты – қақтығыстардың алдын алуға қол жеткізу. АҰЖУ-дің тәжірибесінде бұл мақсатқа жету ісі түрлі талаптар мен әр алуан топтардың мұқтаждықтары мен мүдделерін қанағаттандырып, оларды жалпыұлттық қоғамға біріктіретіндей ашық әрі жариялы түрде жүреді. Бұл үрдіс халықаралық талаптарға сай және қоғамдық бірлікті арттырады әрі нығайтады.

Қолданылып жүрген құқықтардың мән-мағынасын анықтау мақсатында нұсқаулар мемлекеттерге халықаралық деңгейде мойындалған міндеттемелердің әрбір әрпі мен рухын толық қастерлейтін және халықтың барлық бөлігін, соның ішінде аз ұлттар тілдерінде сөйлейтін топтардың мұқтаждықтары мен мүдделерін теңдестіріп қанағаттандыратын заң-ережелер жасауда практикалық бағыт-бағдар береді. Әрдайым халықаралық міндеттемелерді бейнелейтін бұл нұсқауларда әртүрлі мемлекеттердегі нақты жағдайлар, оның ішінде белгілі бір тілдің аз қорғалғандығы (нәтижесінде оны дамытуға деген ниет) туралы түсініктер ескерілген. Мемлекеттердегі қалыптасқан тәжірибеге шолуда көрсетілген жақсы үрдіс үлгілеріне сүйене отырып, берілген нұсқаулар мемлекеттерге аз ұлттар тілдерінде сөйлеушілерді қорғауда мойнына алған міндеттемелерін орындаудың жолдарын көрсетеді.

Нұсқауларды оқып, қолданған кезде қазіргі заманғы электронды БАҚ технологияларының дамып, байланыс саласында бірнеше тілдерді қолдану мүмкіндіктерінің күн санап өсіп жатқанын ескеру керек. Әралуан әрі тәуелсіз электронды БАҚ-ның дамуына кепілдік беретін еркін нарықтың алар маңызды рөлі де нұсқауларда көрсетілген. Нұсқаулар мемлекеттерге қоғамдық немесе жекеменшік электронды БАҚ-нда аз ұлттар тілдерін қолдануға байланысты алған міндеттемелерін орындаудың жолдарын айқындайды.

---

<sup>1</sup> Мысалы, «Хандисайд Біріккен Корольдікке қарсы» деген істің 49-тармағын қараңыз (“*Handyside v. United Kingdom*”, Еуропалық адам құқықтарын қорғайтын соттың 1976 жыл 7 қаңтардағы кесімі, А сериясы, №24). Сонымен қатар, Адам өлшемі жөніндегі конференцияның Копенгаген кездесуінде 1990 жылы қабылданған құжаттың кіріспе бөлімін қараңыз. Бұнда ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер демократия және плюрализм мұраттарына адал қызмет ететіндіктерін айтады.

---

Нұсқаулар төрт тақырыпқа бөлінген: жалпы қағидалар, саясат, реттеу мәселесі және аз ұлттар тілдерін дамыту. Әр тақырыпқа он жеті жеке дара нұсқаулар біріктірілген. Барлық нұсқауларды I бөлімде көрсетілген Жалпы ережелерге сәйкес түсіну керек. II бөлімде мемлекеттердің осы мәселе төңірегінде саясат жүргізіп, заң шығару қажеттігі айтылады және соған нұсқаулар келтірілген. Содан кейін рұқсат етілген реттеу шараларына шектеу қоюдың кейбір параметрлері белгіленген. Соңғы бөлімде аз ұлттар тілдерін дамытуға бағытталған бірнеше балама тәсілдер ұсынылады. Тиісті халықаралық құжатқа нақты сілтеме жасайтын қосымша түсініктеме бөлімінде әрбір жеке ұсыныс немесе нұсқау толығырақ түсіндіріледі.

Берілген нұсқаулар кеңінен қолданылып, баршаға таратылады деп үміттенеміз.

# **ЭЛЕКТРОНДЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ТІЛДЕРІН ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛАР**

## **I. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР**

### **1) Ой-пікір білдіру бостандығы**

Әр адамның, сондай-ақ, аз ұлттар қатарына жататын адамның ой-пікір білдіру бостандығы деген ұғым ақпарат пен ой-пікірлерді өзі қалаған тілі мен тәсілінде ешкімнің араласуынсыз және шекара сызығына қарамай алу, іздеу және таратуды қамтиды.

Бұл бостандыққа шектеулер тек халықаралық құқық нормаларына сәйкес ғана қойылады.

### **2) Мәдени және тілдік әралуандылық**

Мемлекеттер әртүрлі тілде ұсынылатын ақпараттар мен ой-пікірлер қолданыс табатын орта құру арқылы таңдау бостандығына кепілдік берулері керек.

### **3) Ұлттық ерекшелікті қорғау**

Барлық адамдар, соның ішінде аз ұлттар қатарына жататын адамдар өздерінің ұлттық ерекшелігін сақтауға және дамытуға, соның ішінде өз тіл(дер)ін электронды БАҚ арқылы қолдануға хақылы.

### **4) Теңдік пен кемсітпеушілік**

Барлық адамдар, соның ішінде аз ұлттар қатарына жататын адамдар теңдік пен кемсітпеушілік жағдайында электронды БАҚ арқылы ой-пікір білдіру бостандығын қолдануға, өздерінің ұлттық ерекшелігін сақтауға және дамытуға хақылы. Мемлекеттер қажет болған жағдайда аз ұлттар қатарына жататын адамдардың ана тілдері электронды БАҚ-нда басқа тілдермен тең қолданылуын қамтамасыз ету үшін арнайы әрі нақты іс-шараларды жүзеге асырулары керек.

## **II. САЯСАТ**

- 5) Мемлекеттер аз ұлттар тіл(дер)інің электронды БАҚ-нда қолданылуын қамтамасыз ететін саясат жүргізулері керек. Бұндай саясат аз ұлттардың қатарына жататын адамдардың ұлттық ерекшелігін сақтау және дамыту қажеттігіне негізделуі керек.

Бұндай саясатты дамытып, оны қолдану ісіне аз ұлттар қатарына жататын адамдар да толықтай қатысулары керек. Бұған кеңесулер кезінде және тиісті институттар мен ұйымдарда өкіл болу арқылы атсалысу да жатады.

- 6) Тәуелсіз реттеуші ұйымдар мемлекет саясатының жүзеге асуы мен қорғалуына жауапты болулары керек. Осындай ұйымдар құрылып, олар ашық және жариялы түрде жұмыс істеулері керек.
- 7) Мемлекет саясаты басқалармен қатар аз ұлттар қатарына жататын адамдардың қажеттіктерін қанағаттандыру үшін қоғамдық электронды БАҚ-на сан алуан жоғары сапалы ақпаратты, мәдени, ағартушылық және ойын-сауық бағдарламаларын тең көлемде беруге қолдау көрсетулері керек. Мемлекеттер қоғамдық электронды БАҚ-на аталмыш салада өз міндеттерін атқаруы үшін қажетті қаржылай, техникалық жәрдем беріп және басқа да жағдай жасаулары керек.
- 8) Мемлекет саясаты аз ұлттар тобына жататын адамдарға өз тілдерінде бағдарламалар беретін электронды БАҚ-н құруға және оларды сақтауға көмектесуі керек.

## **III. РЕТТЕУ**

- 9) **Рұқсат етілетін реттеу шаралары**

Мемлекеттер электронды БАҚ-ның қызметін ой-пікір білдіру бостандығын, мәдени және тілдік әралуандылықты қорғау және ілгерілету, ұлттардың төл мәдениетін сақтау және дамыту, сондай-ақ басқалардың да құқығы мен абыройын құрметтеу үшін реттеуі мүмкін. Осындай реттеу іс-шаралары, лицензия беруді қоса алғанда, заңға сүйеніп, объективті әрі кемсітпеушілік сипатта жүзеге асырылып, аз ұлттар тілдеріндегі телерадио берілімдерінің санын немесе уақытын

қысқартуға бағытталмауы керек немесе сондай нәтижеге әкеп соқпауы керек.

#### 10) Тілдердің қолданылу аясын кеңейту

Электронды БАҚ-нда белгілі бір тілдің қолданылуын реттегенде мемлекеттер нақты тілдерді таңдап, олардың қолданылу аясын кеңейтуді көздеуі мүмкін. Бір немесе бірнеше тілдердің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған іс-шаралар басқа тілдердің қолданылуын шектемеуі керек. Мемлекеттерге электронды БАҚ-нда қандай да бір тілдің қолданылуына тыйым салуға болмайды. Электронды БАҚ-нда кез келген бір тілдің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған шаралар аз ұлттар санатына жататын адамдардың құқықтарына нұқсан келтірмеулері керек.

#### 11) Реттеу шараларының пропорционалдығы

Нұсқаулық немесе тыйым салушылық сипаттағы кез келген реттеу шарасының заңдық мақсаты болуы керек және сол реттеу шарасы соған пропорционалды болуы керек. Кез келген реттеу шарасының пропорционалдығын есептеген кезде ақпарат құралының сипаты мен кең қоғамдық ортаға қатысты нақты факторлар ескерілуі керек. Сондай факторлардың қатарына мыналар кіреді:

- Ой-пікір білдіру бостандығын, мәдени және тілдік әралуандылықты қорғау мен ілгерілетуге бағытталған, ұлттардың төл мәдениетін сақтау мен дамытуды көздейтін **шараның мақсаты мен сипаты**, сонымен қатар, сол шараның телерадио бағдарламаларының сапасы мен олардың тең көлемде берілуіне үлес қосу мүмкіндігі.
- **Қоғамда орын алып отырған саяси, әлеуметтік және діни жағдай**, оның ішінде мәдени және тілдік әралуандылық, мемлекеттік басқару құрылымдары және аймақтық өзгешеліктер де бар.
- Барлық (ұлттық, аймақтық, жергілікті) деңгейде жұмыс істейтін мемлекеттік, жекеменшік немесе шетелдік электронды БАҚ-ның **саны, түрі, жағрапиялық ауқымы, сипаты, қызметі және тілдері**. Бағдарламалардың түрі мен белгіленген уақыт мөлшері тұрғысынан алғанда, көрермен немесе тыңдарман қауымға көрсетілетін әртүрлі қызметтердің қаржылай құны, техникалық

қабылдау мүмкіндіктері, сондай-ақ телерадио бағдарламаларының саны мен сапасы ескеретін жәйттер болып саналады.

- Әр (ұлттық, аймақтық, жергілікті) деңгейдегі көрермен немесе тыңдармен қауымның болмысы, олардың құқықтары, қажеттіліктері және сөзбен айтып жеткізген тілек-өтініштері. Бұлардың қатарына олардың саны мен жағрапиялық шоғырланған жерлері де кіреді.

#### 12) **Аудармаға қойылатын шектеулер**

Аз ұлттар тілдеріндегі телерадио хабарларына шамадан тыс немесе диспропорционалды аударма, синхронды аударма, субтитр, дубляж жасау талаптары қойылмауы керек.

#### 13) **Трансшекаралық электронды БАҚ**

Тікелей болсын немесе ретрансляция не қайталап тарату арқылы болсын, трансшекаралық электронды ақпараттарды еркін қабылдауға, қай тілде таратылатындығына қарамастан, тыйым салынбауы керек.

Аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ-нда шетел тілінде берілетін ақпараттардың болуы мемлекеттерді сол аз ұлттық тілде жергілікті ақпараттар таратуға байланысты алған міндеттемелерінен босатпайды және сол тілде таралатын ақпараттардың уақытын шектеуді көздейтін шараға негіз болмауы керек.

### **IV. АЗ ҰЛТТАР ТІЛДЕРІН ДАМЫТУ**

#### 14) **Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек**

Мемлекет аз ұлттар тілдеріндегі телерадио хабарларына қамқорлық көрсетуі керек. Қолдау ісі басқа шаралармен қатар, электронды БАҚ-на жол ашу, субсидиялар беру, телерадио хабарларын аз ұлттар тілдерінде беруге жағдай жасау арқылы жүзеге асады.

## 15) **Электронды БАҚ-на жол ашу**

Мемлекеттер аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ-на басқа шаралармен қатар, жиіліктер бөлу, теле немесе радио арналарын құру мен оларға қолдау-көмек көрсету, берілімдер кестесін жасау арқылы жеткілікті дәрежеде жол ашулары керек. Осы орайда, аз ұлттар тобына жататын адамдардың саны, жағрапиялық шоғырланған аймағы, қоныстанған жері, қажеттіліктері мен мүдделері сияқты мәселелер ескерілуі керек.

Аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ-ның тек аймақтық немесе жергілікті деңгейде жұмыс істеуі сол тілдерде шыққан телерадио берілімдерін бүкіл елге тарайтын бағдарламалар қатарынан алып тастауға негіз емес. Сондай-ақ, жан-жақта шашыраңқы өмір сүріп жүрген аз ұлттар жөнінде де осыны айтуға болады.

### **А. ЖИІЛІКТЕР**

- Мемлекеттер лицензия бергенде аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ-на жиіліктің бір бүтінін немесе бөлігін беруді қарастырулары керек.
- Егер қолда бар жиіліктер саны техникалық жағдайға байланысты шектеулі болса және/немесе жеке дара жиілікті иеленуге өз мүмкіндіктері жоқ топтар болса, мемлекеттер “ашық арналармен”, яғни хабар тарататын аумақтағы бірнеше тілде сөйлейтін топтарға бір жиілікті беретін құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді ойластырулары керек.

### **Ә. ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ**

- Мемлекеттер мемлекеттік немесе жекеменшік электронды БАҚ-на аз ұлттар тілдерінде хабарлар беруге қатысты тиісті талаптар қоюлары керек.
- Мемлекеттер, сондай-ақ жекеменшік электронды БАҚ-ның аз ұлттар тілдерінде хабарлар берулеріне қолайлы жағдай (қаржылай немесе басқа да) жасауды қарастырулары керек. Бұған лицензиялар беру, тендер жариялау немесе ұсыныс жасаған адамның өтінішін қанағаттандыру арқылы қол жеткізуге болады. Сондай-ақ, мемлекеттердің аз ұлттар тілдерінде берілімдер таратушы

электронды БАҚ-на бәсекелестік туралы заң талаптарын қоймау не болмаса белгілі бір әкімшілік ауыртпалықтардан босату үшін арнайы ереже-тәртіп шығаруды қалаулары мүмкін.

- Аз ұлттар тілдерінде телерадио берілімдері жоқ болса, мемлекеттер қажеттігінше оларды қалыптастыруға бар қолайлы жағдай жасаулары қажет.

#### **Б. БАҒДАРЛАМАЛАР ЖАСАУ**

Мемлекеттер аз ұлттар тілдеріндегі телерадио хабарларына бөлінетін уақыт мөлшері мен олардың берілу кестесі аз ұлттардың санына, шоғырланған жерлеріне және олардың мақсат-мүдделеріне сай болуын қамтамасыз етулері керек. Сондай-ақ, саны жағынан ең аз ұлттар тобына өз тілдерінде телерадио хабарларын таратуға жеткілікті мүмкіндік беру үшін бөлінетін уақыттың ең аз мөлшері мен тиісті кесте сияқты мәселелерге көңіл бөлінуі қажет. Бұған лицензия беру, аз ұлттар тілдеріндегі телерадио хабарларының уақыты мен ұзақтығын белгілеу арқылы қол жеткізуге болады.

#### **16) Мемлекеттік қаржыландыру**

Мемлекеттер аз ұлттар тілдерінде электронды жолмен ақпарат тарату ісіне қаржылай көмек көрсетуді қарастырулары керек. Бұны тікелей грант беру, қолайлы қаржыландыру/салық салу тәртібін орнату және лицензия алу немесе өзгерту үшін төленетін төлемдердің кейбір түрлерінен босату арқылы жүзеге асыруға болады. Толыққанды теңдікті қамтамасыз ету үшін халық саны аз жерлерде жұмыс істейтін аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ тұтынушылардың аздығына қарамастан қаржы мен құрал-жабдық қажет етулері мүмкін.

Мемлекеттер аз ұлттар тілдерінде аудио және аудиобейне материалдарын шығару және оларды тарату ісін, қаржылай көмекті қоса алғанда, көтермелеп, оған жәрдемдесулері керек.

#### **17) Мүмкіндік туғызу**

Мемлекеттер электронды БАҚ-ның аз ұлттар тілдерінде хабарлар беру мүмкіндігін туғызуға үлес қосулары керек. Бұл аз ұлттар тілдеріндегі өнімдерді ел іші мен шет елдерде тарату және трансшекаралық

хабарларға жағдай жасау арқылы жүзеге асуы мүмкін. Бұған қоса, мемлекеттер аз ұлттар тілдерінде жұмыс істейтін электронды БАҚ саласына қажетті мамандар дайындау және оқыту мәселесіне көмектесуді қарастырулары керек.



## **ЭЛЕКТРОНДЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ТІЛДЕРІН ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛАРҒА ҚОСЫМША ТҮСІНІКТЕМЕ**

Бұл түсініктемеде жоғарыда көрсетілген нұсқауларға негіз болған басты халықаралық құжаттарға қысқаша шолу жасалынады.

### **I. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР**

- 1) **Ой-пікір білдіру бостандығы** халықаралық адам құқықтарын қорғаудың негізі болып табылады. Ой-пікір білдіру бостандығы ұғымына адамдардың мемлекет шекараларына қарамастан, үкімет билігінің араласуынсыз ақпарат пен ой-пікірлерді алуы және оларды таратуы кіреді. Бұл 1948 жылғы Дүниежүзілік адам құқықтары декларациясының (ДАҚД) 19-бабында, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық келісімнің (АСҚХК) 19-бабында және 1950 жылғы Негізгі адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі еуропалық конвенцияның (АҚЕК) 10-бабында сипатталған. Мысалы, Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық келісімнің 19-бабының 2 және 3-тармақтарында былай делінген:
  2. Әр адамның ой-пікір білдіру бостандығы бар; бұндай құқық әртүрлі ақпарат пен ой-пікірлерді мемлекеттік шекараларға қарамай, ауызша, жазбаша немесе қағазға басып шығарылған түрінде, өнер туындысы ретінде және басқа да өзі қалаған тәсілмен іздеу, алу және тарату еркіндігін қамтиды.
  3. Осы баптың екінші тармағында сипатталған құқықтарды пайдалану арнайы міндеттемелер мен жауапкершіліктер жүктейді. Сондықтан оларға белгілі бір дәрежеде шектеулер қойылуы мүмкін, бірақ шектеулер тек заңға сәйкес:
    - (а) басқалардың құқықтары мен абыройын құрметтеу мақсатында;

- (b) ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, қоғамдық имандылықты және халық денсаулығын сақтау үшін қажет болған жағдайда ғана қойылуы керек.

Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық келісімнің жүзеге асуын қадағалау үшін БҰҰ жанынан құрылған Адам құқықтары комитеті өзінің 10 Жалпы түсіндірмесінде (1983) 19-бапта сипатталған ой-пікір білдіру бостандығы тек әртүрлі ақпарат пен ой-пікірлерді іздеу және алу бостандығын ғана қамтып қоймай, сол ақпарат пен ой-пікірлерді кез келген тәсілмен алуға және таратуға хақылы ететіндігін айқындап берді. Негізгі адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі еуропалық конвенцияға келсек, Еуропалық адам құқықтарын қорғайтын сот өзі қараған “*Обершлик Австрияға қарсы*” (“*Oberschlick v. Austria*”, 1991 жыл 22 мамырдағы шешім, А сериясы, №204, 57-тармақ) және “*Аутроник АГ Швейцарияға қарсы*” (“*Autronic AG v. Switzerland*”, 1990 жыл 22 мамырдағы шешім, А сериясы, №178, 47-тармақ) деп аталған істерді шешу барысында 10-бап тек жазбаша немесе ауызша айтылған ақпарат пен ой-пікірлердің мазмұнын ғана емес, сондай-ақ, олардың берілу тәсілін де қорғайды дейді. ЕҚЫК/ЕҚЫҰ-ның Адам өлшемі жөніндегі конференциясының 1990 жылы Копенгагенде өткен кездесуінің қорытындысы бойынша қабылданған құжат (Копенгаген құжаты, 9.1. тармағы) пен 1991 жылы Краков қаласында ЕҚЫК-на мүше мемлекеттердің қатысуымен өткен Мәдени мұралар симпозиумы қорытындылары бойынша қабылданған құжат (Краков құжаты, 6.1. тармағы) ой-пікір білдіру бостандығына қайталап айрықша тоқталады. Копенгаген құжатында көрсетілгендей, аз ұлттар тобына жататын адамдар жеке және қоғамдық өмірінде өз ана тілдерін қолдануға (32.1 тармақ), төл тілдерінде ақпарат алуға, алмасуға және таратуға хақылы (32.5 тармақ).

“*Хандисайд Біріккен Корольдікке қарсы*” (“*Handyside v. United Kingdom*”, 1976 жыл 7-желтоқсандағы шешім, А сериясы, №24, 49-тармақ) атаулы істі қараған кезде Еуропалық адам құқықтарын қорғайтын сот Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияның 10-бабына былайша түсініктеме берді: “Ой-пікір білдіру бостандығы [демократиялық] қоғам негізін қалайтын маңызды іргетас бола отырып, сол қоғамның және әрбір жеке адамның дамуы мен ілгерілеуінің алғышарты болып табылады. 10-баптың 2-тармағына (10-2 бап) сәйкес, ой-пікір білдіру бостандығы дегеніміз басқалар оң көзбен қараған, тіл тигізбейді деп немесе көңіл бөлуге тұрмайды деп таныған “ақпарат”

немесе “ой-пікірлерге” ғана қатысты емес, сондай-ақ, мемлекеттің не болмаса халықтың бір бөлігіне тіл тигізетін, оларды шошытатын немесе үрейлендіретін ақпарат немесе ой-пікірлерге де қатысты. Плюрализм, төзімділік, еркіндік сияқты құндылықтардың талаптары осындай. Бұларсыз ешқандай “демократиялық қоғам” өмір сүре алмайды. Бұл басқа нәрселермен қатар, осы салада қолданылатын “ресми шаралар”, “шарттар”, “шектеулер” немесе “айыппұлдар” алға қойылған заңды мақсатқа пропорционалды болуы керек деген сөз”.

- 2) 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық келісімнің (ЭӘМҚХК) 15(а) бабына сәйкес, қатысушы мемлекеттер әр адамның мәдени өмірге араласуына хақы бар екендігін мойындайды. АСҚХК-нің 27-бабы басқалармен қатар, аз ұлттар тілдерінде сөйлейтін топтарға жататын адамдардың өз мәдениетін сақтап немесе өз тобына жататын басқа адамдармен арақатынаста ана тілін қолдану құқығын қорғайды. БАҚ-нда **мәдени және тілдік әралуандылықтың** көрсеткіші болатын плюрализмді қорғап, одан әрі дамыту – ой-пікір білдіру бостандығына кепілдік берудің қажетті құрамдас бөлігі. 2001 жылы ЮНЕСКО қабылдаған Дүниежүзілік мәдени әралуандылық декларациясының 2-бабына сәйкес, мәдени плюрализмге кепілдік беретін саясаттың арқасында мәдени әралуандылық сипат алады. Осы декларацияның 6-бабы мәдени әралуандылыққа басқалармен қатар, ой-пікір білдіру бостандығы, БАҚ-ндағы плюрализм және көптілділік кепілдік беретінін айтады. *“Информационсверейн Лентия мен басқалар Австрияға қарсы”* (*“Informationsverein Lentia and Others v. Austria”*, 1993 жылғы 24 қарашадағы шешім, А сериясы, №276) атаулы істе Еуропалық адам құқықтарын қорғайтын сот ой-пікір білдіру бостандығына кепілдік беруде плюрализмнің маңызды рөл атқаратынын баса айтты. Осы істе жоғарыда аталған сот (38-тармақта) қоғам мүшелерінің жалпыға қажетті ақпарат пен ой-пікірлерді алу құқы “плюрализм қағидасына негізделмеген болса сәтті жүзеге асырылмайды, бұған кепілдікті мемлекет беруі керек. Бұл мәселе телерадио хабарлары кең таралатын аудио және бейне ақпарат құралдары үшін ерекше маңызды болады” деп айқындады. Сол сияқты, Еуропалық Кеңестің 1994 жылғы Аз ұлттарды қорғау жөніндегі негізгі конвенциясының (Негізгі конвенция) 9(4) бабы осы Конвенцияға мүше мемлекеттерге “аз ұлттар тобына жататын адамдардың электронды БАҚ-на қол жеткізуіне жәрдемдесіп, төзімділікті дамытып, мәдени плюрализмге жол ашу үшін тиісті шараларды қолға алуды” жүктейді.

Бұған қоса, 1989 жылы қабылданған (2002 жылы толықтырылған) Еуропалық трансшекаралық теледидар конвенциясының (ЕТТК) 10-бабы осы Конвенцияға мүше мемлекеттерден **БАҚ-ндағы плюрализге** қауіп төндіруден аулақ болуды талап етеді. Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитетінің 1982 жылғы Ақпарат және ой-пікір білдіру бостандығы туралы декларациясының II(d) бабы “қоғамда ой-пікір әралуандығы бар екенін көрсететін тәуелсіз және автономиялы БАҚ-ның көптеген түрлерін” қалыптастыру міндетін қояды. ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер Краков құжатының 6.2 тармағында өздерінің “плюрализм мен мәдени және шығармашылық еркіндіктің сақталуын қамтамасыз ету” ісіне жекеменшік электронды БАҚ-ның әралуандығы көмектесетініне өздерінің нық сенімдерін білдірді.

3) Мемлекеттің аз ұлттар қатарына жататын әр азаматтың **лингвистикалық (және басқа) ерекшелігін** қорғау міндеті бірнеше халықаралық құжаттарда және Еуропалық адам құқықтарын қорғайтын соттың кесімдерінде бекітілген. Осы орайда саны жағынан аз діни, лингвистикалық және этностық топтардың құқықтары жөніндегі 1992 жылғы БҰҰ-ның Декларациясының (БҰҰ-ның Аз ұлттар жөніндегі декларациясы) 1-бабының мәселеге тікелей қатысы бар екендігі байқалады:

1. Мемлекеттер өз аумағында қоныстанған аз халықтардың тіршілігін, ұлттық немесе этностық, мәдени, діни және лингвистикалық белгілерін қорғайды әрі оларды ары қарай дамытуға жағдай жасайды.
2. Мемлекеттер осыған қол жеткізу үшін тиісті заңды және басқа шараларды қолға алады.

4(2) бапта “Мемлекеттер аз ұлттар тобына жататын адамдардың өз ұлттық ерекшеліктерін көрсетіп, мәдениетін, тілін, дінін, салт-дәстүрлерін дамытуға, егер ол ұлттық заңдар мен халықаралық нормаларға қайшы келмесе, қолайлы жағдай туғызу үшін тиісті іс-әрекеттер жасайды” деп бекітілген. 1989 жылғы БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясының 17(a) бабы Конвенцияға мүше мемлекеттерге БАҚ-н Конвенцияның білім беру саласындағы мақсаттарына сәйкес “ақпараттар мен материалдар таратуға ынталандыру” талабын қояды. Конвенцияның 29-бабында көрсетілгендей, білім беру саласындағы мақсаттарға балалардың өз мәдениеті мен тілін құрметтеуіне баулу кіреді.

Негізгі конвенция осы шарттарды қайталап көрсетеді. Негізгі конвенцияның кіріспе бөлімінде плюралистік әрі шынайы демократиялық қоғам аз ұлттар қатарына жататын әр адамның тілін құрметтеп қана қоймай, “сондай-ақ, оны пайдалануға, сақтауға және дамытуға тиісті жағдай жасау” керектігі айтылады. Осы аталған құжаттың 5(1) бабы мүше мемлекеттерге аз ұлттарға жататын адамдарға төл тілін және “ұлттық ерекшелігін сақтауға” қажетті қолайлы жағдай жасау міндетін айқындап берді. ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттерге, басқа іс-шаралар жүргізумен қатар, 1986-1989 жж. Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық жөніндегі Конференциядан кейін Венада өткізілген кездесудің 1989 жылғы қорытынды құжатына (Вена құжаты, Басты мәселелер, 19-тармақ), Копенгаген құжатына (32-33 тармақтар) және Женевада өткен Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық жөніндегі Конференцияның аз ұлттар мәселесімен айналысатын сарапшыларының басқосуының 1991 жылғы есебіне (Женева құжаты, III және VII тараулар) сәйкес, аз ұлттарға жататын адамдардың тілін қорғауға бағытталған шаралар міндеттелген.

- 4) Басқа белгілермен қатар, адамның қай тілде сөйлейтіне қарап **кемсітуге жол бермеу** – халықаралық адам құқықтарын қорғау заңының басты қағидасы. Сөйлеген тіліне қарап ашық кемсітуге тыйым салатын құжаттардың қатарына: Дүниежүзілік адам құқықтары жөніндегі декларация (2-бап); Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық келісім (2(1) және 26 баптар); Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық келісім (2(2) бап); БҰҰ-ның аз ұлттар жөніндегі декларациясы (2(1) бап); Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенция (14-бап пен 12-хаттаманың 1-бабы); және 2000 жылғы Еуропа Одағының негізгі құқықтар туралы хартиясы (21-бап) жатады. ЕҚЫҰ-ның құжаттарының арасында осыған ұқсас міндеттемелер 1975 жылғы Хельсинки қорытынды актысы (VII Ереже) мен Вена құжатында (Ережелер, 13.7 тарау) көрсетілсе, ал Копенгагенде қабылданған құжат “кемсітудің кез келген түріне” тыйым салады (5.9 тарау).

**Баянды теңдік** орнатуда кемсітпеу қағидасына жағдайлары бір-бірінен өзгеше адамдарға басқаша қарау жатады. Мысалы, Вена құжатының 19-бабы (Қағидаларында) ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттерге аз ұлттарға жататын адамдардың “толық теңдігін” қамтамасыз етуді міндеттейді. Егер әртүрлі адамдарға басқаша қарау кемсітпеушілік сипатта болса, ол қисынды әрі объективті талаптарға негізделуі тиіс, оның заңды мақсаты болуы тиіс және басқаша қарау мен көзделген мақсат арасында

пропорционалды байланыс болуы керек. Бұл қағида БҰҰ Адам құқықтары комитетінің (1989 ж.) Кемсітпеушілік туралы 18-інші жалпы түсіндірмесі мен Еуропалық адам құқықтарын қорғайтын соттың тіл құқықтары жөнінде “*Бельгиядағы тіл мәселесі*” атты қараған ісі бойынша шығарған сындарлы шешімінде (1968 жыл 23-шілдедегі шешім, А сериясы, №6) талқыланған болатын.

Кемсітпеушілік қағидасы аз ұлттарға жататын адамдарды іс жүзінде теңдікке жеткізетін және соны жеделдетуге бағытталған **арнайы әрі нақты шаралар** қолдану мүмкіндігін қарастырады. Бұл тұжырымдама 1965 жылғы Нәсілдік кемсітудің барлық түрін жою туралы халықаралық конвенцияның 1(4) және 2(2) баптарында, сондай-ақ, 1979 жылғы Әйелдерді кемсітудің барлық түрін жою туралы конвенцияның 3 және 4-баптарында айқын көрсетілген. Копенгаген құжатының 31-тармағында ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер “қажет болған жағдайда аз ұлттарға жататын адамдардың өз адам құқықтары мен басты бостандықтарын басқа адамдармен тең дәрежеде пайдаланып, олардың қызығын көруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін арнайы іс-шаралар қабылдауды” өз міндетіне алды. Сол сияқты, БҰҰ-ның Аз ұлттар туралы декларациясының 4(1) бабы да мемлекеттерге “аз ұлттарға жататын адамдар өз құқықтары мен басты бостандықтарын ешқандай кемсітушіліксіз әрі заң алдында басқамен тең дәрежеде толық және тиімді пайдалануын қамтамасыз ететін іс-шаралар жүргізу” шартын қояды. Негізгі конвенцияның 4(2) бабы да мүше мемлекеттерге аз ұлттарға жататын адамдардың толық және баянды теңдігін қамтамасыз ету үшін олардың ерекше жағдайларын ескере отырып, тиісті шаралар қабылдауды талап етеді. 1992 жылғы Аймақтық немесе аз ұлттар тілдері туралы еуропалық хартияның (Еуропалық тіл хартиясы) 7(2) бабы аз халықтар тілдерінің теңдігін қамтамасыз ету ісі басқаларды кемсіту деп бағаланбауы керектігін ашық көрсетеді.

## II. САЯСАТ

- 5) ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер өз аумақтарында аз ұлттарға жататын адамдардың тілі мен басқа ұлттық ерекшеліктерін қорғауға және дамытуға **жағдай жасауға** міндеттемелер алды (Копенгаген құжаты, 33-тармақ). Негізгі конвенцияның 5(1) бабы да осындай міндеттемелер қояды. Ал 9(4) бабы мүше мемлекеттерге “аз ұлттарға жататын адамдардың БАҚ-на қол жеткізуіне көмектесу үшін және төзімділікті дамытып, мәдени плюрализмге жол ашу үшін қажетті шараларды” қолға

алуды міндет етеді. Еуропалық тіл хартиясының 7(1) бабы мүше мемлекеттерден “өз саясатын, заңдарын және қолданып жүрген шараларын” басқа мәселелермен қатар, “аймақтық және аз ұлттар тілдерін сақтап, дамытуға бағытталған батыл іске деген қажеттікке” негіздеп, “аймақтық және аз ұлттар тілдерін қоғамдық және жеке өмірде қолдануға ынталандыруды және/немесе көмектесуді” талап етеді. Осы құжаттың 7(3) бабында мүше мемлекеттер БАҚ-н “елдегі әртүрлі тілде сөйлейтін топтар арасында өзара түсіністікті” дамытуға ынталандыруды міндетіне алады. Бала құқықтары туралы конвенцияның 17(d) бабы “Мүше мемлекеттер БАҚ-н аз немесе жергілікті ұлттарға жататын балалардың лингвистикалық қажеттіліктеріне ерекше көңіл бөлуге шақыру” шартын қояды.

ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер аз ұлттарға жататын адамдардың қоғамдық өмірге, экономикадағы іс-әрекеттерге және өз қоғамдастықтарын құру ісіне тең және тиімді араласуы үшін оңтайлы жағдай жасауға міндеттер алды (Женева құжатының IV тарауы). Негізгі конвенцияның 15-бабында “Мүше мемлекеттер аз ұлттарға жататын адамдардың мәдени, әлеуметтік, экономикалық және қоғамдық өмірге, әсіресе өздеріне ықпалы бар салаларға **тиімді қатысуына** мүмкіндік туғызуға міндетті” делінген. Копенгаген құжатының 33-тармағында ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер тиісті шараларды жүзеге асырған кезде басқа мәселелермен қатар аз ұлттардың тілдерін қорғау және “әр мемлекеттің шешім қабылдау тәртібіне сәйкес, аз ұлттар ұйымдары немесе бірлестіктерімен хабарласып, тиісті кеңесулер өткізу” міндетін алды. Женева құжатының III тарауында ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер аз ұлттарға жататын адамдардың немесе олардың өкілдерінің шешім қабылдау ісіне немесе кеңес беретін мекемелердің жұмысына демократиялық негізде атсалысуы қоғамдық өмірге араласудың маңызды элементін құрайтындығын мойындады. Еуропалық тіл хартиясының 11(3) бабы мүше мемлекеттерден әсіресе БАҚ жұмысын реттейтін мекемелерде аз ұлттар тілдерінде сөйлейтін адамдардың мүдделерінің қорғалуын немесе ескерілуін талап етеді.

- б) **Тәуелсіз реттеуші мекемелерге** деген қажеттілік демократия мен тиімді басқару қағидаларынан және ең үздік халықаралық тәжірибелерден туындап отыр. Еуропа Кеңесі Министрлер Комитетінің мүше мемлекеттерге берген БАҚ-ндағы плюрализмді дамытуға бағытталған шаралар жөніндегі №R 99(1) ұсынысында “жекеменшік БАҚ-на лицензия беретін ұлттық органдардың өз жұмыстарын атқарған кезде плюрализм

мәселесіне назар аударулары керек” (Қосымша материалдар, I тармақ, Меншікті реттеу: электронды БАҚ мен баспасөз) делінген. Аз ұлттардың тіл құқықтары туралы 1998 жылғы Осло ұсынысының 10-тармағында “қоғамдық БАҚ жұмысының мазмұны мен бағытын басқару жұмысы тәуелсіз болуы керек және ол аз ұлттарға жататын, тәуелсіз қызмет ететін адамдарды қамтуы керек” деп нақты айтылған.

- 7) Еуропа Кеңесі Министрлер Комитетінің мүше мемлекеттерге арнаған Қоғамдық электронды БАҚ-ның тәуелсіздігіне кепілдік беру туралы №R(96)10 ұсынысында **қоғамдық электронды БАҚ-ның** рөлі “негізгі әрі толық ақпараттық, мәдени, ағартушылық және ойын-сауық бағдарламаларын тарату арқылы аймақтық және мемлекеттік деңгейде баршаға ортақ плюралистік сипаттағы байланыстың шешуші факторы болмақ” деп айрықша белгіленді. Сапалы бағдарламалардың тең дәрежеде берілуін қамтамасыз етуде қоғамдық электронды БАҚ-ның атқарар рөлін Еуропалық адам құқықтарын қорғайтын сот мойындаған. Оның мысалы ретінде “*Лентия ісін*” алуға болады (33-тарау). Еуропалық тіл хартиясының 11(1) бабы “қоғамға қызмет етуді көздейтін” электронды БАҚ-на аз халықтардың тілін қолданушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру талабын айқын көрсетеді. Еуропа Кеңесі Министрлер Комитетінің (2003) мүше мемлекеттерге берген Сандық форматтағы БАҚ-ның демократиялық және әлеуметтік дамуға қосар үлесін арттыру шараларына арналған 9-ұсынысында демократиялық мемлекеттердегі қоғамдық электронды БАҚ-ның рөлін “демократиялық қоғамның саяси, заңнамалық, әлеуметтік құрылысының негізін қалаушы құндылықтарды, әсіресе адам құқықтарын, мәдениетті және саяси плюрализмді құрметтеуге” көмектесу деп айрықша көрсетті.

Еуропа Кеңесі Министрлер Комитетінің пікірінше, “қоғамдық электронды БАҚ төзімділік пен түсіністік мәдениетін дамытуда өздеріне ерекше міндет алса, ал тұтас алғанда электронды БАҚ – төзімсіздікті сынға алатын орта құруда пәрменді күш” (Мүше мемлекеттерге арналған БАҚ және төзімділік мәдениетін дамыту туралы №R(97)21 ұсынысқа қосымша материал, 5-тармақ). Мүше мемлекеттерге арналған Жаңа байланыс және ақпарат қызметтеріне қатысты дүниежүзілік қоғамдастық қызметі туралы №R (99)14 ұсынысында Министрлер Комитеті мемлекеттік билік орындары мен жекеменшік сектордың осындай қызметті тұтынушылардың игілігіне бағытталған бірлескен әрекеттерінің жемісін сипаттайды.

- 8) Аз ұлттарға жататын адамдардың өз тілдерінде электронды БАҚ-н құру және оны сақтау мүмкіндігіне берілетін кепілдік Негізгі конвенцияның 9(3) бабында көрсетілген. Еуропалық тіл хартиясының 11-бабы аз ұлттарға жататын адамдардың осындай мүмкіндіктерді пайдалануы үшін мемлекеттер атқара алатын нақты жұмыстарға тоқталады.

### III. РЕТТЕУ

- 9) Электронды БАҚ-ның қызметін реттеу жұмысы берілген нұсқауларда көрсетілген **жалпы қағидаларға сәйкес** – оның ішінде ой-пікір білдіру бостандығы, аз ұлттардың тілдеріндегі электронды БАҚ арқылы тілдік және мәдени әралуандылықты сақтау және олардың тілдерін қорғау бар – ешкімді кемсітпей жүргізілуі тиіс. Ой-пікір білдіру бостандығын шектейтін реттеулердің Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық келісімнің 19(3) бабы мен Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияның 10(2) бабына сәйкес болулары шарт. Соңғысы ой-пікір білдіру бостандығына шектеулер тек “заңға сәйкес және демократиялық қоғамда ұлттық қауіпсіздікті, аумақтық біртұтастықты немесе қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, тәртіпсіздік пен қылмыстың алдын алу, халық денсаулығы мен қоғамдық имандылықты қорғау, басқа адамдардың құқықтары мен абыройын қорғау, құпия жағдайында алынған мәліметтердің жария болуын болдырмау немесе сот билігі мен оның әділеттілігін қамтамасыз ету мақсатында” ғана қойылуы тиіс дейді.

Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияның 10(1) бабына сәйкес, лицензия беру БАҚ жұмысын реттеуге жол ашады. Негізгі конвенцияның 9(2) бабына сәйкес, ой-пікір білдіру бостандығы мен аз ұлттарға жататын адамдардың БАҚ-ына қол жеткізу құқығына кепілдік беру үшін мүше мемлекеттер “телерадио ақпараттарын таратушыларға немесе кино саласындағы кәсіпорындарға кемсітпей объективті талаптарға негізделген лицензия беруді” талап етуі мүмкін. ЕҚЫҰ-на келсек, Краков құжаты (6.1 тармақ) мен Женева құжатының есебінде (VII тарау) қатысушы мемлекеттер электронды БАҚ-н реттеуді тек заңда көрсетілген талаптар бойынша және халықаралық нормаларға сай жүргізуге міндеттемелер алды.

- 10) ЕҚЫҰ-на мүше мемлекеттер аз ұлттарға жататын адамдардың “ана тілінде ақпарат алу, тарату және алмасу хақын” мойындайды (Вена құжаты, Гуманитарлық және басқа салалардағы ынтымақтастық, Адамдар арақатынасы, 45-тармақ; Копенгаген құжаты, 32.5 тармақ). Бұл құқыққа

лицензиялау немесе реттеудің басқа түрлерінің нәтижесінде нұқсан келмеуі керек. Адам құқықтарын қорғау жөніндегі еуропалық комиссия өзі қараған “*Verein Alternatives Lokalradio Bern v. Switzerland*”, 16 қазан 1986 ж. №10746/84) деген істе “*Хандисайд ісі*” бойынша шығарылған шешімге сілтеме жасай отырып, лицензиялау жүйесі плюрализм, төзімділік және кеңінен ойлаушылық талаптарын құрметтеуі керек деді. Комиссия бұған электронды БАҚ тілі де кіретінін түсіндіре кетті:

[...] Электронды БАҚ лицензиясын беруден бас тарту кейбір нақты жағдайларда 10-бап пен [Еуропалық] Конвенцияның 14-бабына сәйкес проблема тудыруы мүмкін. Бұндай проблема, мәселен, лицензия бермеу бір аймақ тұрғындарының едәуір бір бөлігі электронды БАҚ арқылы өз ана тілінде ақпарат алу мүмкіндігінен айырылуына әкеп соқса туындайды. [...]

Жекеменшік электронды БАҚ-ына келсек, Еуропа Кеңесінің Парламент Ассамблеясы Еуропалық БАҚ-ндағы сөз бостандығы туралы 1589 (2003) Ұсынысының 17(vi) тарауында мүше мемлекеттерді “электронды БАҚ-ның аз ұлттардың тілдерінде құрылуына және жұмыс істеуіне қойылатын шектеулерді жоюға” шақырды.

- 11) **Кез келген реттеу шарасының пропорционалдығына** келсек, Еуропалық адам құқықтарын қорғайтын сот Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияның 10-бабына, яғни электронды БАҚ-н реттеудің заңды мақсаты болып, сол мақсатқа пропорционалды болуы керек деген талапқа бағынады.

Осы сот “*Лентия ісінің*” 32-тармағында тиісті лицензия беру үшін техникалық себептерден басқа мына мәселелерге: “ұсынылып отырған станцияның мақсаты мен табиғатына, оның ұлттық, аймақтық немесе жергілікті деңгейдегі потенциалды тыңдарман немесе көрермен қауымына, нақты тыңдарман немесе көрермен қауымның құқықтары мен қажеттіліктеріне және халықаралық заң нормаларына сай алған міндеттеріне” көңіл бөлу керектігін айтып өтті. “*Теле 1 Приватфернзейгезелшафт МБХ Австрияға қарсы*” (“*Tele 1 Privatfernsehgesellschaft MBH v. Austria*”, 21 қыркүйек 2000 ж. Қосымша №32240/96, 39-40 тармақтар) деген істе сот өз кесімінде **көзделген тыңдарман немесе көрермен қауымның көлемі мен олардың ақпаратты балама электронды ақпарат көздерінен ала білуі** (мысалы,

кабельді теледидар) шектеулердің пропорционалдылығын анықтауда маңызды фактор болатынын тапты. “*Верейн Алтернативз ісін*” (“*The Verein Alternatives Case*”) қарағанда комиссия “мәдени және тілдік плюрализм, жазық дала мен таулы аймақтар арасындағы баланс және теңгерілген федералистік саясат” сияқты саяси мәселелерді де реттеу шараларының пропорционалдығын бағалаған кезде есепке алуға болады деді.

- 12) Аз ұлттар тілдерінде жасалған аудиобейне жұмыстарының және сондай тілдерге оларды **аудару, дубляж жасау, постсинхронизация және субтитрлар** енгізу ой-пікір білдіру бостандығына сай жасалып, аз ұлттарға қатысты халықаралық міндеттемелердің орындалуына және мемлекеттегі аз ұлттарға жататын адамдар мен саны жағынан басым түсетін халық арасындағы түсіністік, төзімділік пен достықты нығайтуға үлес қосуы керек. Реттеу шаралары аз ұлттар тілдерінде телерадио хабарларын беруге немесе алуға кедергі болмауы керек. Еуропалық тіл хартиясының 12-бабы мүше мемлекеттерден аймақтық немесе аз ұлттар тілдерінде шыққан жұмыстарға баршаның қолы жетуін қамтамасыз ету үшін аударма, дубляж, постсинхронизация, субтитр жасау, сондай-ақ, қажет болып жатса, аударма және терминологиялық зерттеу қызметін көрсету орындарын құру, қаржыландыру және жетілдіруді талап етеді.
- 13) Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық келісім мен Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенция “шекараларға қарамастан” ой-пікір білдіру бостандығына кепілдік береді. **Трансшекаралық телерадио хабарларын еркін қабылдау** – аз ұлттарға жататын адамдардың құқықтарының бір бөлігі. Бұл шет елдердегі, әсіресе этностық түп-тамыры, мәдениеті, тілі, діні бір халықпен еркін әрі бейбіт қарым-қатынас орнату үшін қажет. Бұл Негізгі конвенцияның 17-бабы мен Копенгаген құжатының 32.4 тармағында айқындалған.

Еуропалық трансшекаралық теледидар конвенциясының 4-бабы мүше мемлекеттер “өз аумақтарында телерадио бағдарламаларын қабылдау бостандығына кепілдік беріп, осы конвенцияның шарттарына сай келетін бағдарламаларға ретрансляция жасауды шектемейді” дейді. Бұған қоса, Еуропалық тіл хартиясының 11(2) бабы, реттеуге рұқсат бере отырып, “Мүше мемлекеттер көршілес мемлекеттерден берілетін радио және теледидар хабарларын аймақтық немесе аз ұлт тілімен бірдей немесе ұқсас тілде тікелей қабылдау еркіндігіне, сондай-ақ көршілес

мемлекеттерден сондай тілде радио және теледидар бағдарламаларын ретрансляциялауға қарсы болмауға кепілдік беретінін” айтады.

Сөз соңында айта кету керек, трансшекаралық телерадио хабарларын тарату мемлекетті ел ішінде жасалған телерадио хабарларының таратылуына қолдау көрсету міндеттемесінен босатпайды деген қағида Негізгі конвенцияның 9-бабынан алынған. Кеңес беру комитетінің пікірінше, Негізгі конвенцияға сәйкес “көршілес елдерде шығатын [...] хабарлардың бар болғандығы аз ұлттар мәселесін көтеретін бағдарламалар мен жалпы аз ұлттар тілдеріндегі бағдарламаларға кепілдік беру міндетінен босатпайды” (Албания туралы ой-пікір, 2002 ж. 50-тармақ). Нақтырақ айтсақ, Аз ұлттардың тіл құқықтары жөніндегі Осло ұсыныстарының 11-шісі “Шет елдерден келген ақпаратты естіп-көруге заңсыз шектеу қойылмауы керек. Сондай ақпаратқа жол ашу белгілі бір аз ұлт мекендейтін мемлекеттің өзі қаржыландыратын БАҚ-нда сол ұлтқа бөлінетін уақыттың қысқартылуына негіз болмауы керек”.

#### IV. АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ТІЛДЕРІН ДАМУ

- 14) Мемлекеттер аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ-на қолдау-көмек көрсету керек деген қағида әртүрлі халықаралық құжаттарда көрсетілген. Азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық келісімнің 27-бабына сәйкес, мүше мемлекеттер аз ұлттардың құқықтарын қорғау үшін және оларға төл мәдениеті мен тілінің қызығын көріп, дамытуы үшін қажетті оңтайлы іс-шаралар жүргізуге міндетті. БҰҰ-ның Аз ұлттар туралы декларациясының 4(1) бабында аз ұлттар өкілдерінің адам құқықтарын тиімді пайдаланулары үшін “Мемлекеттер қажет болған жағдайда шара қолданады” делінген. Негізгі конвенцияның 6(1) бабында мемлекеттер басқа құралдармен бірге ақпарат құралдары арқылы да адамдар арасында “сөйлейтін тіліне қарамастан” “өзара сыйластық, түсіністік пен ынтымақтастықты ілгерілетуге міндетті” делінген. Еуропалық тіл хартиясының 7(1)(с) бабында мүше мемлекеттердің “аймақтық немесе аз ұлттық тілдерді сақтау және дамыту үшін батыл шараларды қолға алулары қажет” екендігін мойындады. Еуропалық трансшекаралық теледидар конвенциясының 10(3) бабына сәйкес, мүше мемлекеттер “Электронды БАҚ-н кемсітпей, әсіресе аудиобейне материалдарын шығару мүмкіндігі төмен немесе тіл ауқымы шектеулі елдерде еуропалық бағдарламаларды шығару мен дамыту ісіне қолдау көрсететін ең қажетті де лайықты құжаттар мен рәсімдерді бірлесіп іздеуге міндеттеме алады”. Нақтырақ айтсақ, Еуропалық тіл хартиясының

11(1)( а, b және c) бабы мемлекеттерді аймақтық немесе аз ұлттар тілдерінде ақпарат тарататын телерадио арналарын немесе бағдарламаларын бастауға, ынталандыруға немесе оларға жағдай жасауға міндеттейді. Сонымен қатар, Еуропалық тіл хартиясының 11(1)(d) бабы мүше мемлекеттерге “аймақтық немесе аз ұлттар тілдерінде тарайтын аудиобейне туындыларын жасау мен тарату ісіне қолдау көрсетіп, ынталандыру” талабын қояды.

Сол сияқты, халықаралық құжаттарда да аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ-на **қол жеткізуге елеулі мүмкіндіктер** жасау қажет екендігі айқын көрсетілген. Мысалы, Негізгі конвенцияның 9(4) бабында “Мүше мемлекеттер өздері қабылдаған заң аясында аз ұлттарға жататын адамдарға ақпарат құралдарына қол жеткізуге мүмкіндік беруге барлық қажетті жағдай жасайды” делінген. Осы құжаттың 9(1) бабы аз ұлттар өкілдерінің ақпарат құралдарына қол жеткізуіне кедергі болатын кемсітушілікке тыйым салады. Еуропалық тіл хартиясының 12(1)(a) бабында мүше мемлекеттерге “[аймақтық немесе аз ұлттық] тілдерде шыққан жұмыстарға қол жеткізудің әртүрлі жолдарын қарастыру” міндеті жүктеледі.

- 15) Аз ұлттардың тілдеріндегі ақпараттарға қол жеткізуге елеулі мүмкіндіктер беруде аз ұлттарға жататын адамдардың **саны, шоғырланған және қоныстанған жері, сондай-ақ, олардың қажеттіліктері мен мақсат-мүдделері** сынды мемлекеттер ескерулері керек талаптар сол мемлекеттерге теңдікті қамтамасыз ету ісіне көмектесу мақсатында қойылады. Еуропалық тіл хартиясының 11(1) бабы ақпарат құралдары қызметін реттеуге байланысты саясат, басқа мәселелермен қатар, “әр тілдің жағдайына байланысты жасалуы керек” дейді. Аз ұлттардың тіл құқықтары туралы Осло ұсыныстарының 9-шысы хабар беру уақыты мен оның сапасы “аз ұлт өкілдерінің саны мен олардың шоғырланған жері, сондай-ақ, сол халықтың ахуалы мен қажеттіктеріне сай” болуы керектігін нақтырақ айтады. Аз ұлттар тобына жататын адамдардың ақпарат құралдарына қол жеткізуін қамтамасыз ету мәселесінде Негізгі конвенция мүше мемлекеттерден мәдени плюрализмге жол ашу, төзімділікті дамыту (9(4) бап), өзара сыйластық, түсіністік және барлық адамдар арасында ынтымақтастықты (6(1) бап) дамытуды талап етеді. Еуропалық тіл хартиясының 7(1)(e) бабында басқа құралдармен бірге электронды БАҚ арқылы бірдей немесе ұқсас аймақтық не болмаса аз ұлттық тілде сөйлейтін топтар арасында қарым-қатынастың сақталуының және әртүрлі тілдерде сөйлейтін топтар

арасында мәдени қарым-қатынастың орнауының маңызы айрықша көрсетілген. Осы аталған құжат, сондай-ақ, аймақтық немесе аз ұлттық тілдерде сөйлемейтін, бірақ сол тілдер қолданылатын жерлерде қоныстанған басқа ұлт өкілдері сол тілдерді оқып-үйренуге ниет білдірсе, соған қажетті жағдай жасаудың маңызына да тоқталады (7(1)(g) бап). Соған сәйкес, бүкіл жалпыұлттық деңгейде аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ тиісті дәрежеге көтерілуі керек. Бұл әсіресе шашыраңқы өмір сүретін аз ұлттарға қатысты.

Нұсқаулардың осы бөлігінің А, Ә және Б бөлімдері мемлекеттерге электронды БАҚ-нда аз ұлттар тілдерін дамытудың таусылмас жолдарын ұсынады. Олар мемлекеттердің ең үздік тәжірибелері мен нұсқауларда баяндалған қағидаларды көрсетеді. Нұсқауларда **аз ұлттар тілдеріндегі қоғамдық электронды БАҚ-ның** тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті арнайы жауапкершілікке ерекше назар аударылған. Орталық Еуропа Бастамасының Аз ұлттарды қорғау мәселесіне байланысты 1994 жылғы құжатының 19-бабында, мемлекеттер, басқа мәселелермен қатар, “қоғамдық меншіктегі радио немесе телеарналар мәселесіне орынды жерінде, қажет және мүмкін болған жағдайда аз ұлттар өкілдерінің ақпарат құралдарын пайдалану құқына және өз тілдерінде бағдарламалар шығаруға кепілдік беретіні” айтылған. Еуропа Одағы аясында 1997 жыл маусым айындағы Амстердам келісіміне қосымша берілген, Мүше мемлекеттердегі қоғамдық телерадио арналар жүйесі туралы хаттамада “мүше мемлекеттердегі қоғамдық телерадио арналар жүйесі әрбір қоғамның демократиялық, әлеуметтік, мәдени мұқтаждықтарына және ақпарат құралдарында плюрализмді сақтау қажеттігіне тікелей байланысты” дейді.

**Жекеменшік ақпарат құралдарының** аз ұлттар тілдерін қамтуын ынталандырудың бірнеше жолы бар. Оған **лицензиялауды** қосуға болады. Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитеті мүше мемлекеттерге “жекеменшік ақпарат құралдарына лицензия беретін ұлттық органдар өз міндеттерін атқару барысында плюрализмді дамыту ісіне ерекше көңіл бөлулері керек” деген ұсыныс айтты (Мүше мемлекеттерге арналған Ақпарат құралдарындағы плюрализмді дамыту туралы №R (99) 1 ұсыныстарға қосымша материал, I тармақ, Меншік түрін реттеу: электронды БАҚ пен баспасөз). ЕҚЫҰ Женева құжатының VII тарауында мемлекеттерді мәлімет беру арқылы электронды БАҚ-на нақты көмек көрсетуге шақырады, өйткені оның нәтижесінде БАҚ бағдарлама жасау барысында аз ұлт өкілдерінің тіл және басқа мәселелерін ескереді.

- 16) Мемлекеттерді аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ-на **қаржылай көмек** көрсету мәселесін ойластыруға шақыру аз ұлттарға жататын адамдардың ақпарат құралдарына қол жеткізуі үшін іс жүзінде тең мүмкіндіктер туғызу талабынан туындайды. Орталық Еуропа Бастамасының Аз ұлттар құқықтарын қорғау туралы құжатының 19-бабында мемлекеттер басқа мәселелермен қатар “аз ұлттар тобына жататын адамдарға тиісті мемлекеттік заңдарға сәйкес және мүмкіндігіне қарай қаржылай көмек көрсету арқылы ақпарат құралдарынан өз тілдерінде ақпарат алу құқығына кепілдік береді” делінген. Кемсітпеу қағидасы аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ-на мемлекет тарапынан тең көмек көрсетілуін талап етеді. Еуропалық тіл хартиясының 11(1)(f) бабы мүше мемлекеттер “аймақтық немесе аз ұлттар тілдерін қолданатын БАҚ-ның қосымша шығындарын жалпы БАҚ-на заңды рұқсат етілген қаржылай көмек көрсету бағдарламасы арқылы көтеруге тиісті” не болмаса “аймақтық немесе аз ұлттар тілдерінде аудиобейне материалдарын шығару ісіне қаржылай көмек көрсету үшін қолданылып жүрген шараларды пайдаланулары тиіс” дейді.

Жоғарыда айтылып кеткен Еуропалық тіл хартиясының 11(1)(d) бабы мүше мемлекеттерге “аймақтық немесе аз ұлттар тілдерінде **аудиобейне материалдарын шығару мен таратуға** ынталандыру және көмек көрсету керек” деген міндеттеме қояды. Еуропа Кеңесі Министрлер Комитетінің “Аудиобейне материалдарын шығару деңгейі төмен немесе Еуропа теледидар нарығында жағрапиялық және тіл жағынан қамтуы шектеулі елдерде немесе аймақтарда жасалған аудиобейне материалдарын таратуды жетілдіру қағидалары” деп аталатын № R(93) 5 Ұсынысында Комитет Еуропалық адам құқықтарын қорғайтын сот құжатының 10-бабында көрсетілген бостандықтарды “аудиобейне материалдарын шығару деңгейі төмен немесе Еуропа теледидар нарығында жағрапиялық және тіл жағынан қамтуы шектеулі елдердегі немесе аймақтардағы аудиобейне материалдарын шығарушылар өз өнімдерін Еуропа теледидар нарығында таратуға мүмкіндік алу үшін орынды қолдана алады” деген пікір айтты. Еуропа Одағы шеңберінде 97/36/ЕС Бұйрығына жазылған кіріспенің 31 ресми бөлімінде “Әр мүше мемлекеттің аудиобейне өнімдерін шығару мүмкіндігі мен Еуропа Одағында аз қолданылатын тілдерді қорғау қажеттіліктерін ескере отырып” тәуелсіз аудиобейне шығарушыларға қолдау көрсету керек екендігіне айрықша тоқталады. “Тәуелсіз аудиобейне шығарушылар” деген ұғымға анықтама берген кезде, мүше мемлекеттер “аудиобейне шығарушы кәсіпорынның меншігі, белгілі бір электронды БАҚ-на

берілетін бағдарламалар көлемі және жанама құқық меншігі сияқты талаптарды тиісінше ескерулері” керек (Еуропа Парламенті мен Кеңесінің 97/36/ЕС бұйрығына түзету енгізетін теледидар ақпараттарын тарату жұмысын іске асыруға қатысты мүше мемлекеттерде заң, реттеу немесе әкімшілік шаралары арқылы бекітілген кейбір іс-әрекеттерді үйлестіру туралы 1997 жыл 30-маусымдағы 89/552/ЕЕС бұйрығы).

- 17) Аз ұлттар тілдеріндегі электронды БАҚ-на **жағдай жасау** талабы жоғарыда аталған құжаттардың көбінде тура айтылмаған. Еуропалық тіл хартиясының 11(1)(g) бабы мүше мемлекеттерден ашық түрде “аймақтық немесе аз ұлттар тілдеріндегі БАҚ-нда қызмет ететін журналистер мен басқа қызметкерлерді оқыту ісіне көмек көрсетуін” талап етеді.